АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

01 сәуір 2024 ж № 73

Индербор кенті поселок Индербор

Жергілікті атқарушы органның резервінен
қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 19, 20 – баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31- бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 459012100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» бағдарламасынан 20 000,0 (жиырма миллион) мың теңге қаражат, 459012101 «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасына 20 000,0 (жиырма миллион) мың теңге көлемінде ауыстырылсын.

2. 459 012 101 «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасынан 28 977,0 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жетпіс жеті) мың теңге қаражат, 492103000 «Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бағдарламасына 28 977,0 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жетпіс жеті) мың теңге көлемінде бағытталсын.

3. 492103000 «Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бағдарламасынан 28 977,0 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жетпіс жеті) мың теңге қаражат, 124107000 «Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 28 977,0 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жетпіс жеті) мың теңге, оның ішінде, «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне 21 046,0 (жиырма бір

миллион қырық алты) мың теңге, «Есбол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне 4 000,0 (төрт миллион) мың теңге, «Өрлік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне 3 931,0 (үш миллион тоғыз жүз отыз бір) мың теңге көлемінде бөлінсін.

4. «Аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ш.Габбасов), «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» (Е.Бөкеев), «Есбол ауылдық округі әкімінің аппараты» (А.Тлекқабыл),«Өрлік ауылдық округі әкімінің аппараты» (М.Қаженов) мемлекеттік мекемелері және «Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Қонасова) осы қаулының 3-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын және бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Оразғалиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен басап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **Д.Шамұратов**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Индербор кенті «1» сәуір 2024 жыл

Төрағалық еткен: Индер ауданы әкімі Д.Шамұратов

Хатшылықта: Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы П.Б.Сақыпкереев

Қатысушылар: комиссия мүшелері және қосымша шақырылғандар (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. **Индер ауданының 2024 жылдың көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық және өткізу дайындығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша.**

Индер ауданы әкімі Д.Шамұратов:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысын өткіземіз. Оған себеп, ағымдағы жылдың көктем мезгіліндегі су деңгейінің шамадан тыс көтерілу күтілуіне байланысты су қорғаныш бөгетерін жөндеуге кезек күттірмейтін шаралар қабылдау үшін аудандық комиссия жиналып отыр.

1. Баяндамашы - Индер аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы А.Конкаев:

Индер ауданы бойынша негізінен қауіпті аумаққа Жарсуат және Құрылыс елді мекендері, Есбол, Өрлік елді мекендері кіреді, бөгеттердің 15 500 метр осы аумақтарды алып отыр. Жарсуат, Құрылыс, Есбол, Өрлік ауылдарындағы қорғаныс бөгеттерін жөндеу үшін сметалық құжаттары жасақталған. Сондықтан, су тасқынынан болатын қауіптің алдын алу мақсатында аудандық төтенше жағдайлар резерв қорынан қаржы бөлу арқылы шұғыл арада жөндеу жұмыстарына жүргізу қажет.

2. Баяндамашы – Жарсуат ауылдық округінің әкімі Е.Бөкеев:

Жарсуат және Құрылыс ауылдарында орналасқан 10 500 метр бөгеттерді қалыпқа келтіру жұмыстары қолға алғанымызбен, күшіміз үлкен жұмыс көлемін атқаруға жеткіліксіз. Осыған орай, қорғаныс бөгеттерін толықтай қалпына

келтіру үшін шұғыл түрде қаржыландыру мәселесінің шешілуіне және жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етуіңізді сұраймын.

3. **Баяндамашы – Есбол және Өрлік ауылдық округінің әкімдері А.Тілекқабыл, М.Қаженов:**

Біздегі ахуалда Жарсуат және Құрылыс ауылдарындағыдай болып отыр, Қорғаныс бөгеттерінің өткен ғасырдың 1993-1994 жылдары соғылғанын және олардың жағдайының өте нашар күйде екендігін ескерсек, тез арада қорғаныс бөгеттерін толықтай қалпына келтіру жұмыстарын бастауымыз қажет. Есбол ауылында 2800 метр, Өрлік ауылында 3200 метр қорғаныс бөгеттері орналасқан.

4. **Баяндамашы – Аудан әкімінің орынбасары Ә.Оразғалиев:**

Бүгінгі күн тәртібі бойынша баяндамашылармен жоғарыда айтылғандай мәселелерді қолдай отырып, төтенше жағдайдың алдын алу үшін бөгеттерді қысқа мерзімде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді бастау қажет.

Төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссиямен

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. **Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі:**

- Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа ала отырып, төтенше жағдайлардың алдын алуға жергілікті атқарушы органның резервінен қаражат бөлуге қаулы әзірлесін

мерзімі: *2024 жылғы 2 сәуір*

2. **Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Есбол, Өрлік, Жарсуат ауылдық округі әкімдері:**

- Бөгеттерді жөндеу жұмыстарының сметалық есебіне сәйкес, бюджеттік өтінім дайындасын, аудандық экономика және қаржы бөліміне жолдасын

мерзімі: *2024 жылғы 2 сәуір*

3. **Индербор кенті және ауылдық округ әкімдеріне:**

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабын басшылыққа ала отырып, мердігерлік келісім шартқа отыру жұмыстарын ұйымдастырсын, жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуын қамтамасыз етсін

- Аудан тұрғындарына Жайық өзен суының деңгейі көтеріліп, лайлануына байланысты ауыз су қорын толтырып алу туралы ақпараттандыруды ұйымдастырсын.

мерзімі: *2024 жылғы 5 сәуірге дейін*

- Су тасқынының алдын алу және оған жоғары дайындықты қамтамасыз етіп, тәуліктік кезекшілік ұйымдастырсын.

мерзімі: *су тасқыны кезеңінде.*

4. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі:

- Қолданыстағы заңнама аясында бюджеттік әкімгерлердің сметалық есептеріне сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарына жергілікті атқарушы органның резервінен қаражат бөлсін, жетіспейтін қаражат көлемін айқындап, облыстық резерв есебінен қаржы бөлуге шұғыл түрде сұраныс енгізсін.

мерзімі: *2024 жылғы 5 сәуірге дейін*

5. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі:

- Жеке құрамды су тасқынына қарсы дайындық шараларына жұмылдырсын, шұғыл ақпараттарға сай ағымдағы жағдайды баяндап отырсын.

мерзімі: *Су тасқыны кезеңінде.*

Комиссия төрағасы: **Д.Д.Шамұратов**

Комиссия хатшысы: **П.Б.Сақыпкереев**